

## **ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ӨМІР СҰРУ ДЕҢГЕЙІН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ**

### **Аңдатпа**

Әрбір мемлекет өзінің ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, әлеуметтік үдерістерді, сондай-ақ қоғамдық іс-әрекеттерді сыртқы орта жағдайларына сәйкес жетілдіре отырып, өзінің жеке жоспарлау әдістерін қолданады. Халықтың материалдық әл-ауқатын жақсарту әлеуметтік жоспарлаудың басты мақсаттарының бірі болып саналады. Әлеуметтік жоспарлаудың мәні «өмір сүру жағдайы», «өмір сүру деңгейі», «өмір сапасы» сияқты ұғымдар арқылы ашылады. Стратегиялық жоспарлау үрдісінде қалыптасатын әлеуметтік саясаттың мақсаты халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту болып табылады. Өмір сүру деңгейін стратегиялық жоспарлаудың басты міндеті халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуіне жол бермеу, ал болашақта оны жақсарту болып табылады. Қазақстан Республикасында өмір сүру деңгейін стратегиялық жоспарлауды қалыптастыру үшін экономиканы дамыту және халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру жөніндегі болжамдар, кешенді бағдарламалар әзірленеді. Халықтың әл-ауқатын жақсарту және экономиканы дамыту үшін «БЖК», «Нұрлы жол», «Нұрлы жер» бағдарламалары жүзеге асырылуда. Осы бағдарламаларды іске асыру үшін әрбір өңірдің мұқтаждығын ескере отырып, республикалық бюджеттен қаражат бөлінеді. Соңғы уақытта көп балалы аналарға үлкен қаражат бөлінуде. Оларға атаулы әлеуметтік көмек беріледі. Кәсіпкерлікті дамытуға көп көңіл бөлінеді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, әлеуметтік саясаттың мінсіз моделі жоқ. Бірақ ұлттық экономиканың өсуімен өзгертін ең төменгі әлеуметтік стандарттар мен кепілдіктерді белгілеу қажет. Жұмыспен қамтуды және еңбекке ақы төлеуді қамтамасыз ету жөніндегі саясатты қайта қарау, халықтың әлеуметтік қауіпсіздігін және оның әл-ауқатын қамтамасыз ету тәсілдерін әзірлеу қажет.

Тірек сөздер: жоспарлау, әлеуметтік саясат, өмір сүру жағдайы, өмір сүру деңгейі, адами даму индексі, әлеуметтік қауіпсіздік.

Әрбір өндіруші мен кәсіпкер жоғары нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған нарық жағдайында жоспарлау оларға қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Жапония, Оңтүстік Корея, Франция, Германия сияқты елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуын индикативтік жоспарлау оларға дамудың жоғары нәтижелеріне қол жеткізуге көмектесті. Қоғам өз дамуы барысында бірнеше аспектілерді қамтиды: экономикалық, әлеуметтік, құқықтық және рухани.

Әрбір ел өзінің ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, экономикалық және әлеуметтік үдерістерді сыртқы орта жағдайларына сәйкес жетілдіре отырып, өзінің жоспарлау әдістерін қолданады.

Алғаш рет индикативтік жоспарлау термині 1944 жылы К. Ландауэрдің «Ұлттық экономикалық жоспарлау теориясы» жұмысында қолданылған. Автордың түсінігінде мемлекеттік жоспарлау қызметті саналы үйлестіруге негізделеді.

Жоспарлау кезінде технологиялық, саяси, экономикалық, бәсекелестік, халықаралық және нарықтық факторлар ескеріледі. Технологиялық факторлар – бұл сыртқы ортада технологиялардың өзгеруі; экономикалық-жұмысбастылық, инфляция, салық ставкалары және т.б. деңгейі; бәсекелестік – бәсекелестің стратегиясын анықтауды, саяси-жергілікті органдар мен биліктің нормативтік құжаттарын анықтауды болжайды. Халықаралық факторлар – валюта бағамының, елдердегі саяси шешімдердің өзгеруі, нарықтық факторлар – нарықтық сыртқы органдың өзгергіштігі.

Әлеуметтік жоспарлау стратегиясында әлеуметтік жоспарлаудың келесідей негізгі мақсаттары көрсетілген:

- ◆ халықтың өмір сүру жағдайын және оның әл-ауқатын жақсарту;
- ◆ халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, жұмыс күшінің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- ◆ азаматтардың еңбек, халықты әлеуметтік қорғау, білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үймен қамтамасыз ету мәдениеті саласындағы конституциялық құқықтарының кепілдігі;

- ♦ әйелдерге, балалар мен жастарға ұсынылатын әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету, отбасына әлеуметтік жоспарлауды қайта бағдарлау;
  - ♦ демографиялық ахуалды қалпына келтіру және жақсарту, әсіресе балалар мен еңбекке қабілетті жастағы азаматтар арасында тұрғындардың қайтыс болуын төмендету;
  - ♦ әлеуметтік инфрақұрылымды біршама жақсарту.
- 1-кестеде 2010–2019 жж. өмір сүру деңгейінің статистикасы көрсетілген.

Кесте 1 – Қазақстан Республикасында өмір сүру деңгейінің статистикасы

	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.
Кезең (жыл) соңындағы халық саны										
Мың адам	16440,5	16673,9	16910,2	17160,9	17415,7	17669,9	17918,2	18157,3	18395,6	18611,1
Өткен жылға пайызбен	101,5	101,4	101,4	101,5	101,5	101,5	101,4	101,3	101,3	101,2
Халықтың орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары										
теңге	39 014	45 918	51 860	56 453	62 271	67 321	76 575	83 710	93 135	102 96423
Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі, пайызбен										
	6,5	5,5	3,8	2,9	2,8	2,7	2,6	2,6	4,3	4,5
Ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы										
теңге	13 487	16 072	16 815	17 789	19 068	19 647	21 612	23 783	27 072	29 342
Ескертпе – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі. Статистика комитеті: <a href="https://stat.gov.kz/">https://stat.gov.kz/</a> . *2019 – қантар–қыркүйек.										

Әлеуметтік қамтамасыз ету шеңберінде ең төменгі күнкөріс деңгейі басты рөл атқарады. 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы 27 072 теңге деңгейінде белгіленді. Сондай-ақ, ең төменгі күнкөріс деңгейінің құрылымы өзгертілді: азық-түлік емес тауарлар мен қызметтерге арналған шығыстардың тіркелген үлесі ең төменгі тұтыну себетінің құнына 45% мөлшерінде белгіленген (бұрынғы 40% қарсы). Осыған байланысты табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі артты.

Кесте 2 – Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы

	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.
Жұмыс күші (15 және одан жоғары жастағы)										
мың адам	8610,7	8774,6	8981,9	9041,3	8962,0	8887,616)	8998,8	9027,4	9138,6	9215,324)
Жұмыспен қамтылған халық										
мың адам	8114,2	8301,6	8507,1	8570,6	8510,1	8433,316)	8553,4	8585,2	8695,0	8773,224)
Жұмыссыз халық										
	496,5	473,0	474,8	470,7	451,9	454,216)	445,5	442,3	443,6	442,124)
Жұмыссыздық деңгейі, пайызбен										
Жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	5,8	5,4	5,3	5,2	5,0	5,116)	5,0	4,9	4,9	4,824)
Ең төменгі жалақы, теңге										
теңге	1 қаңтардан бастап – 14 952 теңге	15 999	17 439	18 660	19 966	21 364	22 859	24 459	28 284	–
Ескертпе – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі. Статистика комитеті: <a href="https://stat.gov.kz/">https://stat.gov.kz/</a> . *2019 – қантар–қыркүйек.										

Өмір сапасы туралы ұсыныстардағы елеулі өзгерістер Еуропада XVIII ғасырдың соңынан басталды. 50–60 жылдары өмір сүру сапасы елдің бір тұрғынына келетін ЖІӨ шамасына қарай бағаланды. Содан кейін адамның өмір сүруінің түрлі жақтарын сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі ескерілді. Осылайша, өмір сапасы «өмір сүру деңгейі» ұғымымен байланысты.

Өмір деңгейін ұзақ пайдаланылатын тауарларды түпкілікті тұтыну құрылымымен сандық өлшеуге болады. Ұзақ пайдаланылатын тауарларды тұтынудағы үлес неғұрлым жоғары болса, елдің экономикалық даму деңгейі соғұрлым жоғары болады. Жалпы өмір сүру деңгейі келесі факторлармен сипатталады:

- ◆ еңбек ресурстарының жағдайы;
- ◆ әлеуметтік саланы дамыту;
- ◆ қызмет көрсету саласын дамыту;
- ◆ білім беру жүйесінің сапасы мен қол жетімділігі;
- ◆ медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімділігі;
- ◆ ең төменгі жалақы мөлшері және оның ең төменгі күнкөріс деңгейіне сәйкестігі;
- ◆ қолда бар табыстың орташа мөлшері.

Қазақстанда өмір сүру деңгейі халықтың ақшалай табыстары мен шығыстары, нақты табыстың серпіні, табыстарды саралау көрсеткіштері, жұмыссыздық деңгейі, тамақ өнімдерін тұтыну көлемі, ақша қаражатының сатып алу қабілеті арқылы сипатталады.

Әлемдік тәжірибеде өмір сүру деңгейінің көрсеткіштері мынадай топтарға бөлінеді:

- ◆ кірістер мен шығыстар туралы деректер негізінде есептелетін кіріс индикаторлары;
- ◆ кіріс және кіріс емес индикаторларды қамтитын аралас индикаторлар;
- ◆ әлеуметтік қатысу индикаторлары (отбасының әлеуметтік қатынастарға қатысуы);
- ◆ субъективті индикаторлар (жеке өмір сүру деңгейінің кедейлік деңгейімен арақатынасы).

БҰҰ-да аралас көрсеткіш ретінде өмір сүру сапасының индексі ұсынылды. Оған келесі көрсеткіштер кіреді:

- ◆ денсаулық сақтау жағдайы;
- ◆ орташа өмір сүру ұзақтығы;
- ◆ жұмыспен қамту дәрежесі;
- ◆ халықтың төлем қабілеттілігі;
- ◆ саяси өмірге қол жеткізу.

Халықтың әл-ауқаты стратегиялық жоспарлаудың негізгі объектілерінің бірі болып табылады. Бұл категорияның мазмұны «өмір сүру жағдайы», «өмір сүру деңгейі», «өмір сапасы» ұғымдары арқылы ашылады.

Өмір сүру жағдайлары деп халықтың тыныс-тіршілігінің барынша объективті мән-жайларын (жұмыспен қамту, еңбекақы төлеу және табыс, қоныстандыру нысандары, тұрғын үй сипаты, отбасылардың мүліктік қамтамасыз етілуі; әлеуметтік төлемдер жүйесін және әлеуметтік сала салаларын дамыту) түсінеді.

Өмір сүру деңгейі – бұл халықтың өмір сүруі үшін қажетті материалдық және рухани игіліктермен қамтамасыз етілуі, оларды тұтынудың қол жеткізілген деңгейі және адамдардың осы игіліктерге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесі.

Өмір сүру сапасы – бұл бір жағынан, қоғамдық өмір субъектісінің өзін және адамның қажеттіліктерін сипаттайтын ұғым, мысалы, өмір сүру ұзақтығы, психикалық және физикалық денсаулық, білім беру, мәдени және зияткерлік әлеует деңгейі, ал екінші жағынан, жайлылық, өмір сүру жағдайларының қолайлылығы, адамдардың өмір сүру ортасының жай-күйі.

Өмір сүру деңгейін стратегиялық жоспарлау міндеттері әлеуметтік саясаттың мақсаттарымен айқындалады. Дегенмен мұны да ескерген жөн, елдің әлеуметтік дамуын болжау сияқты жоспарлау рәсімінің нәтижелері әлеуметтік саясаттың стратегиясы мен тактикасын қалыптастыру үдерісінде ескеріледі. Өмір сүру деңгейін стратегиялық жоспарлаудың басты міндеті, ең болмағанда, жақын болашақта қол жеткізгендермен салыстырғанда халықтың өмір сүру деңгейінің құлдырауына жол бермеу, әрі болашақта халық әл-ауқатының өсуі, өмір сүру сапасын арттыру үшін қажетті алғышарттар жасау болып табылады. Қазақстан Республикасында өмір сүру деңгейін стратегиялық жоспарлау қазіргі уақытта елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарының тиісті бөлімдерін, ҚР Үкіметінің ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кешенді бағдарламаларын, сондай-ақ халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға ықпал ететін түйінді проблемаларды шешуді көздейтін мақсатты кешенді бағдарламаларды әзірлеу нысанында жүзеге асырылады.

Өмір сүру деңгейінің болжамдарын, кешенді және жергілікті мақсатты бағдарламаларды әзірлеу үдерісінде үш топтан тұратын көрсеткіштердің біртұтас жүйесі пайдаланылады. Бірінші топқа өмір сүру деңгейінің синтетикалық көрсеткіштері кіреді. Оларға келесілер жатады:

1) өмірді қолдауға байланысты қажеттіліктерді қанағаттандыру деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер (жалпы халықтың және оның жекелеген әлеуметтік топтарының туу, өлім-жітім, табиғи өсім коэффициенттері);

2) денсаулықты сақтау және қорғау жөніндегі қажеттіліктерді қанағаттандыру деңгейінің көрсеткіштері (өлім-жітім, өмір сүру ұзақтығы, науқастану);

3) халықтың еңбекке қажеттілігін қанағаттандыру көрсеткіштері (экономикалық белсенді халықтың жұмыспен қамтылуы, жұмыс аптасының ұзақтығы, жұмыссыздық деңгейі және оның құрылымы, білікті емес және ауыр еңбек пен т.б. үлесі);

4) қазақстандық азаматтардың жеке басын дамытудағы қажеттіліктерін қанағаттандыруды сипаттайтын көрсеткіштер (білім берудің әртүрлі деңгейлері бар халық саны, бос уақыт құрылымындағы мәдени қызметке арналған уақыт үлесі, бюджетте, халықтың жиынтық шығыстарында білім мен мәдениетке жұмсалатын қаражаттың үлесі);

5) қоршаған ортаның жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер;

6) тұрғын үймен қамтамасыз етілу деңгейі мен сапасының көрсеткіштері (1 адамға шаққанда тұрғын үйдің жалпы ауданы, бір тұрғын үй-жайға отбасы мүшелерінің саны, тұрғын үй алаңының әлеуметтік нормасының стандарттары);

7) жан басынша шаққандағы көрсеткіштер: ЖІӨ, ЖҮӨ, ҰТ өндірісі; үй шаруашылықтарының жалпы және шекті кірістері; үй шаруашылықтарының материалдық тауарлар мен материалдық емес қызметтерді нақты шекті тұтынуы, үй шаруашылықтарының материалдық тауарларды шекті тұтынуына, үй шаруашылықтарының материалдық тауарларды нақты шекті тұтынуына арналған шығыстары. Екінші топқа нақты материалдық игіліктерді тұтыну көлемін өлшейтін заттай көрсеткіштер (жеке мүлікпен қамтамасыз ету, тамақ өнімдерін тұтыну, ең төменгі күнкөріс деңгейі, әртүрлі көлік түрлерімен тасымалданған жолаушылар саны және т.б.) кіреді. Үшінші топты әл-ауқатты бөлудің пропорциялары мен құрылымын білдіретін көрсеткіштер (халықтың кіріс топтары бойынша бөлінуі, кірістерді шоғырландыру мен саралау және тұтыну көрсеткіштері және т.б.) құрайды.

Нарықтық шаруашылық жағдайында халықтың тұрмыс деңгейі халықтың жалдау бойынша жұмысы үшін алатын табыс көлеміне, коммерциялық қызметтен, меншіктен, отбасы шаруашылығындағы жұмыстан, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттерден төленетін әлеуметтік төлемдерге байланысты болады. Ел тұрғындарымен алынатын барлық табыстар келесі үш маңызды санаттармен сипатталуы мүмкін:

а) номиналды табыстар;

б) нақты табыстар;

в) нақты пайдаланылатын (соңғы) кірістер.

Халықтың әл-ауқатын арттыру, өмір сүру сапасы мен деңгейін жақсарту ҚР дамуының басым бағыттары болып табылады.

Әлемдік рейтингтерге сәйкес, Қазақстан адами даму деңгейі (АДД) жоғары елдердің қатарына жатады. Мәселен, 2019 жылы ҚР БҰҰ Даму Бағдарламасының адами даму индексі рейтингінде 50-інші орында, 2018 жылы әлемнің 189 елінің ішінде 58-інші орында; 2017 жылы Дүниежүзілік экономикалық форумның адами капиталын дамыту индексі рейтингінде 130 елдің ішінде 29-ыншы орында. Бұдан басқа, Қазақстан халық табысын саралау көрсеткіші – Джини коэффициенті бойынша табысты салыстырмалы түрде біркелкі түрде бөлетін елдер тобына кіреді.

ҚР Үкіметі отырысында елдің 2024 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасы, сондай-ақ 2020–2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заң жобалары мақұлданды. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму болжамын жасау үшін 2018 жылғы ЖІӨ бойынша есептік статистикалық деректер, әлемдік экономиканың өсуі бойынша жаңартылған болжамдар және әлемдік тауар нарықтарындағы үрдістер алынды.

Аталған сыртқы параметрлердің өзгеруіне байланысты Қазақстан экономикасын дамытудың үш ықтимал сценарийлері қарастырылды. Оптимистік сценарий мұнай бағасының барреліне 65 долларға дейін өсуін және металл бағасының қалыпты өсуін көздеді. Базалық сценарий мұнай бағасын барреліне 55 доллар деңгейінде және ағымдағы деңгейде түсті металдар



бағасын сақтауды болжады. Пессимистік сценарий металдар бағасының шамалы төмендеуімен бағаны 45 долларға дейін төмендетті. Елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамын қалыптастыру негізіне 55 доллар бағасымен базалық сценарий алынды, ал мұнай өндіру көлемі ұлғайып, 2024 жылы 100 млн тонна белгіге жетеді.

Экономиканың нақты секторын дамытуды қолдауға 2020 жылға 2 трлн 39 млрд теңге қарастырылған. «Нұрлы жол», «Нұрлы жер» бағдарламаларын, агроөнеркәсіптік кешенді, ИИДМБ, БЖК жаңа бағдарламасын іске асыру жалғасады, сондай-ақ жергілікті маңызы бар жолдарды, ауылдық сумен жабдықтауды дамыту, жастарды және көп балалы аз қамтылған отбасыларды газдандыру және тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша міндеттерді іске асыру қамтамасыз етіледі. Республикалық бюджеттің көзделген қаражаты мемлекеттің барлық әлеуметтік міндеттемелерін толық көлемде орындауға мүмкіндік береді, әрбір өңірдің экономикалық дамуын ескереді.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМ

1 Қазақстан Республикасының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеpi: <https://stat.gov.kz/official/dynamic>.

2 Стратегиялар мен бағдарламалар: [https://www.akorda.kz/kz/official\\_documents/strategies\\_and\\_programs](https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs).

### Аннотация

Любая страна, принимая во внимание государственные особенности, использует собственные способы планирования социальных процессов, а также общественных действий, адаптируя их к условиям внешней среды. Улучшение материального благополучия населения считается одной из главных целей социального планирования. Сущность социального планирования раскрывается посредством таких понятий, как «условия жизни», «уровень жизни», «качество жизни». Целью социальной политики, которая формируется в процессе стратегического планирования, является улучшение уровня жизни населения. Главная задача стратегического планирования уровня жизни состоит в том, чтобы не допустить ухудшения жизненного уровня населения, а в перспективе – повысить его. Для формирования стратегического планирования уровня жизни в Республике Казахстан разрабатываются прогнозы, комплексные программы по развитию экономики и повышению уровня и качества жизни населения. Для улучшения благосостояния народа и развития экономики реализуются такие программы, как «ДКБ», «Нұрлы жол», «Нұрлы жер». Для реализации данных программ выделяются средства из республиканского бюджета, учитывая нужды каждого региона. В последнее время выделяются большие средства многодетным матерям. Им предоставляется адресная социальная помощь. Уделяется большое внимание развитию предпринимательства. Мировой опыт показывает, что совершенной модели социальной политики нет. Но надо установить минимальные социальные стандарты и гарантии, которые будут меняться с ростом национальной экономики. Необходимо пересмотреть политику по обеспечению занятости и оплаты труда, разработать подходы к обеспечению социальной безопасности населения и его благополучия.

Ключевые слова: планирование, социальная политика, условия жизни, уровень жизни, индекс человеческого развития, социальная безопасность.

### Abstract

Each country, taking into account its national characteristics, applies its own methods of planning economic and social processes, adapting them to environmental conditions. The well-being of the people is one of the key objects of strategic planning. The content of this category is revealed through such concepts as: “living conditions”, “standard of living”, “quality of life”. The aim of social policy, which is formed in the course of strategic planning, is to improve the standard of living of the population. The main aim of strategic planning of living standards is to prevent the deterioration of the living standards of the population, and in the future – to increase it. To form a strategic planning of the standard of living in the Republic of Kazakhstan, forecasts and comprehensive programs for the development of the economy and improving the level and quality of life of the population are being developed. To improve the welfare of the people and develop the economy, such programs as “DKB”, “Nurly Zhol”, “Nurly Zher” are being implemented. To implement these programs, funds from the national budget are allocated, taking into account the needs of each region. Recently, big funds have been allocated to mothers with many children. They are provided with targeted social assistance. Much attention is paid to the development of entrepreneurship. World experience shows that there is no perfect model of social policy. But it is necessary to establish minimum social standards and guarantees that will change with the growth of the national economy. It is necessary to review the employment and remuneration policy and develop approaches to ensuring social security and well-being of the population.

Key words: planning, social policy, living conditions, standard of living, human development index, social security.